



Bank of Kazakhstan

Қазақстан Ұлттық Банкінің

Хабаршысы

- 1 Шетел валюталарының ресми бағамдары
- 2 Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі
- 10 Қазақстанның төлем жүйелерінің 2013 жылғы IV тоқсандағы істеуі туралы ақпарат
- 13 Нормативтік құқықтық актілер

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

редакторы:

Ақышев Д.Т.– Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

редактордың орынбасары:

Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің директоры;

кеңес мүшелері:

Орлов П.Е.– Зерттеулер және стратегия департаментінің кәсіпорындар мониторингі басқармасының бастығы; Мадиярова Ә.Қ. – Төлем жүйелері департаментінің төлем жүйелерін қадағалау басқармасының бастығы; Сарсенова Н.В.- Заң департаменті директорының орынбасары;

Сәрсенбаева А.И. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаментінің аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бас маман-аудармашысы;

шығарылымға жауапты:

Шабанова Н.Н. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің қоғамдық байланыстар басқармасының бас маманы.

Тел: 8 (727) 330-24-52

Құрылтайшы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ
050040, Алматы қ.,
«Көктем-3» ықшам ауданы, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
1997 жылғы 24 ақпанда № 432 тіркелді

Шығарылым кезеңдігі – айына 2 рет
Жылына жалпы шығарылымы – 24 нөмір
Бір шығарылымның таралымы – 100 дана

1995 жылдан бастап шығарылады



“Асыл кітап” Баспа үйі ЖШС
050009, Алматы қаласы
Абай даңғылы, 143
тел. +7 (727) 3 94 41 67

2014 жылғы шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары


	01-06.01	07-08.01	09.01	10.01	11-13.01	14.01	15.01	16.01	17.01	18-20.01
Австралия доллары	AUD	137,42	138,19	137,67	137,17	137,43	139,44	137,86	136,3	136,57
Ағылшын фунт стерл.	GBP	254,8	252,93	253,77	254,26	254,36	254,05	254,17	253,53	253,21
Белорусь рублі	BYR	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02
БРАЗИЛИЯ РЕАЛЫ	BRL	65,23	64,88	65,15	64,53	64,64	65,59	65,84	65,77	65,66
Венгер форингі	HUF	0,72	0,7	0,7	0,7	0,7	0,71	0,7	0,7	0,7
Гонконг доллары	HKD	19,87	19,92	19,92	19,93	19,93	19,96	19,99	20,01	20,01
Дат кронасы	DKK	28,42	28,17	28,18	28,19	28,17	28,38	28,29	28,31	28,29
БАӘ дирахамы	AED	41,95	42,06	42,06	42,07	42,07	42,14	42,2	42,25	42,25
АҚШ доллары	USD	154,06	154,47	154,49	154,51	154,52	154,76	154,99	155,17	155,17
Еуро	EUR	212,02	210,13	210,2	210,27	210,16	211,79	211,08	211,17	211,02
Канада доллары	CAD	144,7	145,37	142,8	142,67	142,49	141,97	141,2	141,8	141,9
Қытай юані	CNY	25,45	25,52	25,53	25,52	25,53	25,62	25,64	25,62	25,65
Кувейт динары	KWD	545,73	546,8	547,25	547,33	547,36	548,41	548,64	549,08	549,08
Қырғыз сомы	KGS	3,13	3,14	3,13	3,14	3,13	3,12	3,13	3,12	3,09
Литва литі	LTL	61,43	60,86	60,89	60,92	60,88	61,37	61,16	61,18	61,13
Малайзия ринггиті	MYR	47,06	47,01	47,17	47,19	47,28	47,47	47,18	47,08	47,08
Молдова лейі	MDL	11,95	11,94	11,94	11,86	11,83	11,84	11,9	11,88	11,78
Норвег кронасы	NOK	25,32	25,02	24,96	24,99	24,98	25,33	25,35	25,22	25,08
Польша злотыйы	PLN	51,12	50,38	50,36	50,34	50,37	51	50,89	50,7	50,71
Сауд Аравиясының риялы	SAR	41,08	41,19	41,19	41,2	41,2	41,27	41,33	41,38	41,38
Ресей рублі	RUB	4,68	4,65	4,66	4,67	4,65	4,65	4,65	4,64	4,64
СДР	XDR	237,25	237,2	237,13	236,76	236,91	237,97	238,33	238,09	237,83
Сингапур доллары	SGD	121,8	121,76	121,56	121,59	121,7	122,15	121,81	121,82	121,94
Тәжік сомониі	TJS	32,27	32,6	32,6	32,61	32,61	32,66	32,71	32,75	32,5
Түрік лирасы	TRY	72,67	70,51	71,21	70,7	70,82	70,64	70,61	70,34	70,29
Өзбек сумы	UZS	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07	0,07
Украин гривнасы	UAH	18,72	18,79	18,77	18,76	18,66	18,65	18,62	18,63	18,61
Чех кронасы	CZK	7,74	7,64	7,66	7,68	7,68	7,74	7,7	7,69	7,68
Швед кронасы	SEK	24,01	23,66	23,64	23,56	23,67	23,95	23,99	23,98	24
Швейцар франкі	CHF	173,02	170,8	169,75	170,18	170,29	171,86	170,81	170,91	171,33
Оңтүстік Африка ранды	ZAR	14,76	14,51	14,5	14,39	14,34	14,24	14,25	14,19	14,26
100 Оңтүстік Корея вонасы	KRW	14,6	14,5	14,51	14,54	14,56	14,61	14,58	14,59	14,65
1 жапон йенасы	JPY	1,47	1,48	1,47	1,47	1,47	1,49	1,48	1,48	1,49

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы	Кезеңдегі орташа алынған		Қазақстан
	ресми бағам	биржалық бағам, кезең үшін		қор биржасының сауда-саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
09.12-13.12	154,21	154,27	-0,05	1 316,60
18.12-20.12	154,11	153,82	-0,30	1 337,75
23.12-28.12	153,69	153,78	-0,03	1 704,80
23.12.2013	153,72	153,60	-0,08	268,35
24.12.2013	153,60	153,88	0,18	452,10
25.12.2013	153,88	154,10	0,14	66,40
26.12.2013	154,10	153,83	-0,18	409,80
27.12.2013	153,83	153,69	-0,09	508,15
28.12.2013	153,69	153,90	0,14	223,80
30.12-31.12	153,61	153,70	-0,05	532,65
30.12.2013	153,90	153,61	-0,19	426,45
31.12.2013	153,61	154,06	0,29	106,20
06.01-10.01	154,51	154,50	0,52	929,20
06.01.2014	154,06	154,47	0,27	213,50
08.01.2014	154,47	154,49	0,01	221,70
09.01.2014	154,49	154,51	0,01	283,50
10.01.2014	154,51	154,52	0,01	210,50

* - өткен кезеңге өзгерістер.




2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығы

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	кезеңдегі алынған кірістілік, %	орташа тиімді	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
Қаржы министрлігінің МБҚ					
04.11-08.11	0,59	69,18	5,00		6,1
11.11-15.11	0,33	72,14	6,33		8,8
18.11-22.11	0,40	75,00	5,75		4,5
25.11-29.11	0,39	87,58	6,58		38,7
02.12-06.12	0,26	40,28	6,30		2,2
09.12-13.12	0,53	88,98	6,71		73,8
18.12-20.12	2,17	71,37	5,80		46,5
23.12-28.12	-	-	-		-
30.12-31.12	-	-	-		-
06.01-10.01	-	-	-		-
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары					
04.11-08.11	-	-	-		-
11.11-15.11	-	-	-		-
18.11-22.11	-	-	-		-
25.11-29.11	-	-	-		-
02.12-06.12	-	-	-		-
09.12-13.12	-	-	-		-
18.12-20.12	-	-	-		-
23.12-28.12	-	-	-		-
30.12-31.12	-	-	-		-
06.01-10.01	-	-	-		-

Теңгемен номинирленген МБҚ нарығы



Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)

	Көлемі млн.теңге				
	Барлығы	оның ішінде Қаржы министрлігінің МБК			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақ мерзімді	орташа мерзімді	қысқа мерзімді	
25.10.13	3 321 991,62	2 602 921,77	602 726,43	109 080,56	7 262,86
01.11.13	3 392 071,13	2 681 783,92	595 436,43	109 080,56	5 770,21
08.11.13	3 397 225,85	2 687 933,74	595 436,43	109 080,56	4 775,11
15.11.13	3 405 313,14	2 696 721,58	595 436,43	109 080,56	4 074,56
22.11.13	3 409 775,46	2 701 183,91	595 436,43	109 080,56	4 074,56
29.11.13	3 447 121,79	2 739 027,74	595 436,43	109 080,56	3 577,06
06.12.13	3 446 863,15	2 739 153,13	592 986,43	109 080,56	3 577,06
13.12.13	3 520 663,18	2 802 054,71	605 950,85	109 080,56	3 577,06
20.12.13	3 556 914,37	2 848 565,90	595 690,85	109 080,56	3 577,06
28.12.13	3 622 514,37	2 914 165,90	595 690,85	109 080,56	3 577,06
31.12.13	3 622 514,37	2 914 165,90	595 690,85	109 080,56	3 577,06
10.01.14	3 608 525,47	2 914 165,90	583 690,85	109 080,56	1 588,16

3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ


	2003 ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	7,637
06.01.2014	5,440
07.01.2014	5,435
08.01.2014	5,410
09.01.2014	5,409
10.01.2014	5,422
<i>эмиссия басынан бері</i>	<i>-2,215</i>
<i>апта үшін</i>	<i>-0,018</i>




4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемнің өзгеруі %,	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемнің өзгеруі %,
23.12-28.12	389,6	4 965,2	35,1	780,8	169,2	93,2
30.12-31.12	76,0	1 637,1	-67,0	129,2	45,4	-73,2
06.01-10.01	162,6	2 912,6	77,9	210,5	52,1	14,7

Банкаралық ақша аудару жүйесі




Бөлшек төлемдер жүйесі




5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ

Тармақтардағы мәні		Өзгеруі	
13.12.2013	20.12.2013	кезең үшін	2001ж. жел. бастап
15 755,36	16 221,14	2,96%	60,02%
15 403,11	15 870,42	3,03%	50,54%
9 006,46	9 400,18	4,37%	82,17%
6 439,96	6 606,58	2,59%	27,08%

Dow Jones және Nikkei 225 индекстерінің динамикасы



Бағамы	Мәні		Өзгеруі	
	13.12.2013	20.12.2013	кезең үшін	2001ж. желтоқсаннан бастап
USD/JPY	103,21	104,10	0,86%	-20,60%
GBP/USD	1,6300	1,6336	0,22%	12,56%
EUR/USD	1,3742	1,3673	-0,50%	54,41%
USD/RUR	32,75	32,95	0,61%	8,06%



Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		13.12.2013	20.12.2013	кезең үшін	2001 жылғы жел. бастап
алтын	тр.ун.	238,8	1203,3	403,89%	334,95%
мыс	метр.тонна	7 276,5	7 248,5	-0,38%	396,32%
мырыш	метр.тонна	1 975,8	2 037,5	3,13%	164,10%
мұнай	баррель	108,43	112,20	3,48%	452,71%
астық	тонна	228,73	225,24	-1,53%	123,32%




6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

Екінші деңгейдегі банктердің қысқа мерзімді банкаралық депозиттері бойынша мәліметтер

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозит- тер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырыл- ған депозитт- ер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)
09.12.13-13.12.13								
KZT	31 650 000	0,76	2 942 100	7,69	0	0	0	0,00
USD	3 000	0,67	10 000	0,50	2 271 400	0,08	1 083	11,60
EURO	1 650	0,20	0	0,00	10 000	0,10	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	1 660 000	5,58	0	0,00
16.12.13-20.12.13								
KZT	28 270 000	1,03	1 500 000	5,00	1 020 000	8	0	0,00
USD	12 000	0,54	0	0,00	2 052 482	0,06	107 063	0,47
EURO	0	0,00	0	0,00	700	0,10	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	1 786 300	6,10	0	0,00
23.12.13-28.12.13								
KZT	25 000 000	0,96	1 500 000	9,00	0	0	0	0,00
USD	65 000	0,65	0	0,00	2 422 025	0,05	292 127	0,23
EURO	0	0,00	0	0,00	13 800	0,27	57	6,00
RUR	0	0,00	0	0,00	1 000 000	6,12	0	0,00
30.12.13-10.01.14								
KZT	79 400 000	0,83	6 400 000	6,46	2 785 000	2	10 000 000	5,75
USD	8 000	0,10	35 906	0,24	6 532 586	0,05	40 574	0,46
EURO	9 490	0,03	0	0,00	10 000	0,07	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	1 550 300	5,37	0	0,00


*- валюта мың бірлігі



1.1. Биржадан тыс банкаралық валюта операциялары (сату)

Кезеңдер, валютаның түрлері	Мәмілелердің жалпы көлемі (валюта мың бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Орташа алынған мәміле бағамы, бір валюта үшін теңгемен	олардың ішінде: резидент банктер
		(валюта мың бірлігі)	%		
25.11.13-29.11.13 USD RUB EUR	420 821 25 500 11 612	305 800 17 200 11 612	72,7 67,5 100,0	153,05 4,67 207,79	153,08 4,67 207,79
02.12.13-06.12.13 USD RUB EUR	232 320 22 905 1 935	199 375 22 905 1 935	85,8 100,0 100,0	154,40 4,67 209,71	154,39 4,67 209,74
09.12.13-13.12.13 USD RUB EUR	430 889 37 800 1 882	238 587 10 800 1 882	55,4 28,6 100,0	154,26 4,71 212,52	154,26 4,70 212,53
16.12.13-20.12.13 USD RUB EUR	682 917 43 000 1 865	350 435 43 000 1 865	51,3 100,0 100,0	153,85 4,67 210,86	153,87 4,67 210,86

* резидент банктер мәмілелерінің жалпы мәмілелер көлеміне үлес салмағы



Қазақстанның төлем жүйелерінің 2013 жылғы IV тоқсандағы жұмыс істеуі туралы ақпарат

Қазақстан Республикасының төлем жүйелеріндегі төлемдер ағыны және көлемі.

Тұтастай алғанда Қазақстанның төлем жүйелері арқылы (Банкаралық ақша аударымы жүйесі және Банкаралық клиринг жүйесі) 2013 жылғы IV тоқсанда 48 657,4 млрд. теңге (немесе 316,3 млрд. АҚШ долл.) сомаға 9,4 млн. транзакция жүргізілді. 2012 жылғы IV тоқсанмен салыстырғанда төлем жүйелеріндегі төлемдер саны 6,7% (593,1 мың транзакцияға) ұлғайды, төлемдер сомасы 5,8% (2663,5 млрд. теңгеге) ұлғайды.

Банкаралық ақша аударымы жүйесі (БААЖ)

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша БААЖ-де 50¹ пайдаланушы тіркелді.

2013 жылғы IV тоқсанда барлығы БААЖ арқылы 47 262,4 млрд. теңге (307,3 млрд. АҚШ долл.) сомаға 3,8 млн. транзакция жүзеге асырылды. 2012 жылғы IV тоқсанмен салыстырғанда төлемдер саны 11,1%-ға (377,6 мың транзакция) ұлғайды, ал төлемдер сомасы 5,5% (2468,4 млрд. теңге) өсті.

Орташа алғанда бір күнде БААЖ арқылы 2013 жылғы IV тоқсанда 750,2 млрд. теңге сомаға 60,2 мың транзакция өтті, бұл 2012 жылғы осы кезеңдегі деңгейден саны бойынша 9,3%-ға (5,1 мың транзакция) көп және сомасы бойынша 3,8%-ға (27,7 млрд. теңге) көп. Бұл ретте БААЖ-дегі бір төлем құжатының орташа сомасы 2013 жылғы IV тоқсанда 12,5 млн. теңге болды және 2012 жылғы IV тоқсанмен салыстырғанда 5,0% (655,9 млн. теңге) азайды.

Бұл ретте БААЖ, елдің жүйелік-мәнді төлем жүйесі арқылы 2013 жылғы IV тоқсанда елдегі қолма-қол жасалмайтын төлемдердің жалпы көлемінен 97,1% және олардың жалпы санының 40,2% өңделді, бұл барынша ірі және жоғары басымды төлемдерді жүргізу кезінде БААЖ мақсатының орындалғандығын куәландырады.

Банкаралық клиринг жүйесі

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ҚБЕО Банкаралық клирингі жүйесінде 39 қатысушы тіркелді.

2013 жылғы IV тоқсандағы бөлшек төлемдер ағыны 1 395,0 млрд. теңге (9,1 млрд. АҚШ долл.) сомаға 5,6 млн. құжат болды. 2012 жылғы IV тоқсанмен салыстырғанда клиринг жүйесіндегі құжаттар саны 4,0% (215,4 мың құжат) өсті, төлемдер сомасы 16,3% (195,1 млрд. теңге) өсті.

Орташа алғанда бір күнде клиринг жүйесі арқылы 2013 жылғы IV тоқсанда 22,1 млрд. теңге сомаға 89,5 мың құжат өтті, бұл 2012 жылғы осындай кезеңдегі деңгейден төлемдер саны бойынша 2,3% (2,0 мың транзакция) және төлем сомасы бойынша – 14,4% (2,8 млрд. теңге) көп болды. Бұл ретте 2013 жылғы IV тоқсанда Банкаралық клиринг жүйесіндегі бір төлемнің орташа сомасы 247,4 мың теңге болды және 2012 жылғы IV тоқсанмен салыстырғанда 11,8% (26,1 мың теңге) ұлғайды.

Сонымен қатар, басымдылығы жоғары болып табылмайтын және 5 млн. теңге сомадан аспайтын төлемдер жүргізуге арналған Банкаралық клиринг жүйесінде елдегі қолма-қол жасалмайтын төлемдердің жалпы көлемінен 59,8% және олардың жалпы көлемінен 2,9% жүзеге асырылды, бұл клиринг жүйесінің ұсақ сомаларға арналған төлемдердің едәуір санын жүргізу қызметін орындағанын көрсетеді.

Төлем құралдарын пайдалану.

Төлем карточкалары.

2013 жылғы IV тоқсанда төлем карточкалары нарығының одан әрі дамуы байқалды. Мәселен, 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша төлем карточкаларын екінші деңгейдегі 24 банк және «Қазпочта» АҚ шығарды.

1 ¹ КБЕО сайтында 49 пайдаланушы + ҚБЕО клиринг палатасы бар

Қазақстандық банктер және «Қазпочта» АҚ эмиссиялаған және таратылған төлем карточкаларының жалпы саны 2014 жылғы 1 қаңтарда 16,5 млн. бірлік болды, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіндегі деңгейден 36,3% (3,3 млн бірлік) артық. Осы карточкаларды ұстаушылар саны талданып отырған кезеңде 29,8%-ға ұлғайды және 14,4 млн. адам болды, бұл елдің экономикалық тұрғыдан белсенді халқы жалпы санынан 62,5% (салыстыру үшін, 2013 жылғы 1 қаңтарда ұстаушылар саны елдің экономикалық тұрғыдан белсенді халқы жалпы санынан 19,0%-ға көп) көп.

Халықаралық Visa International және MasterCard Worldwide төлем жүйелерінің карточкалары елде анағұрлым танымал карточкалар болып табылады, олардың үлесі айналыстағы төлем карточкаларының жалпы санының 95,3% құрайды. Жергілікті төлем жүйелерінің карточкаларының ішінен ең көп тарағаны Altyn Card карточкасы (үлесі – 4,0%).

Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып, жүргізілген транзакциялар көлемі 2013 жылғы IV тоқсанда 1 819,3 млрд. теңге сомаға (11,8 млрд. АҚШ долл.) 58,5 млн. транзакция болды. 2012 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда транзакциялар саны 12,7% (6,6 млн. транзакциялар), ал сомасы – 15,3% (241,2 млрд) ұлғайды.

Бұл ретте Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақшаны алу бойынша операциялар саны 2012 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда саны бойынша 9,4% және сомасы бойынша 15,8% ұлғайып, 1 566,2 млрд. теңге сомаға 43,7 млн. транзакция болды. Сонымен қатар Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып тауар және қызмет үшін қолма-қол жасалмайтын төлемдер 2012 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда саны және сомасы бойынша тиісінше 23,5% және 12,4% ұлғайып, 253,1 млрд. теңге сомаға 14,8 млн. транзакция болды.

2013 жылғы IV тоқсандағы халықаралық және жергілікті желілердің төлем карточкалары жөніндегі мәліметтер

№ 1 кесте
бірлікпен

Банктің атауы	Жүйе	Айналыс-тағы карточкалар саны	Қолма-қол ақшасыз төлемдер саны	Қолма-қол ақшаны алу бойынша транзакциялар саны
<i>Халықаралық жүйелер</i>				
«АТФБанк» АҚ	VISA	381 123	354 681	968 674
	MasterCard	160 155	60 322	344 344
«БТА Банкі» АҚ	VISA	676 910	742 991	2 481 694
	MasterCard	296 686	221 653	1 133 568
«Банк ЦентрКредит» АҚ	VISA	932 442	648 879	3 528 431
	MasterCard	52 283	30 388	154 081
«Казкоммерцбанк» АҚ	VISA	951 226	2 373 416	4 540 923
	MasterCard	349 105	609 504	1 329 942
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	VISA	3 042 222	3 879 787	15 558 930
	MasterCard	562 495	586 098	2 871 726
Басқалары		8 406 706	5 017 890	8 383 649
Халықаралық карточкалар, барлығы		15 811 353	14 525 609	41 295 962
<i>Жергілікті жүйелер</i>				
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	Altyn	667 980	204 819	2 148 232
«БТА Банкі» АҚ	SmartAlemCard	64 407	80 835	229 858
«Ситибанк Қазақстан» АҚ	Ситикарт	123	-	-
Басқалары		244	-	-
Жергілікті жүйелер, барлығы		732 754	285 654	2 378 090
Жыынтығы		16 544 107	14 811 263	43 674 052

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша төлем карточкаларына қызмет көрсету желісі мынадай түрде берілген: Қазақстанда ақы төлеуге төлем карточкаларын қабылдайтын 22904 сауда кәсіпорындары жұмыс істейді (өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өсімі – 61,6% немесе 8 731 бірлік), олар төлем карточкаларына қызмет көрсетуге арналған жабдықты 33 709 сауда нүктелеріне орналастырды. Бұл ретте төлем карточкаларына қызмет көрсету үшін 8 965 банкомат (01.01.2013 жылғы ахуалмен салыстырғанда өсуі – 3,6% немесе 313 бір.), 46 432 Pos-терминал (өсуі 39,4% немесе 13 114 бір.) және 168 импринтер (төмендеу 16,8% немесе 34 бір.) пайдаланылды.

**2014 жылғы 1 қаңтардағы бойынша төлем карточкаларына
қызмет көрсетуге арналған жабдық жөніндегі мәліметтер**

*№ 2 кесте
бірлікпен*

Банктің атауы	POS-терминалдар саны	Импринтерлер саны	Банкомат-тар саны	Төлем карточкаларын ақы төлеуге қабылдайтын кәсіпкерлер саны
«АТФБанк» АҚ	3 236	92	706	1 827
«Kaspi Bank» АҚ	1 006	-	260	330
«БТА Банкі» АҚ	1 744	73	912	968
«Банк ЦентрКредит» АҚ	3 961	1	739	2 420
«Казкоммерцбанк» АҚ	16 780	-	1 317	9 405
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	11 172	-	1 891	4 492
Басқалары	8 533	2	3 140	3 462
Жиынтығы	46 432	168	8 965	22 904

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 25 желтоқсан

№ 284

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «2006 жылғы үлгідегі және 2011 жылғы үлгідегі номиналы 5000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңін белгілеу туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 213 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «2006 жылғы үлгідегі және 2011 жылғы үлгідегі номиналы 5000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңін белгілеу туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 213 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7382 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 26 қаңтардағы № 37-38 (27110) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. 2006 жылғы үлгідегі (бұдан әрі - ескі үлгідегі ақша белгісі) және 2011 жылғы үлгідегі (бұдан әрі - жаңа үлгідегі ақша белгісі) номиналы 5000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңі - 2011 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2015 жылғы 31 желтоқсан аралығы болып белгіленсін.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2013 жылғы 30 желтоқсанда №9042 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 25 желтоқсан

№ 285

Қазақстан Республикасының «2006 жылғы үлгідегі және 2012 жылғы үлгідегі номиналы 10 000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңін белгілеу туралы» 2012 жылғы 26 наурыздағы № 107 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «2006 жылғы үлгідегі және 2012 жылғы үлгідегі номиналы 10 000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңін белгілеу туралы» 2012 жылғы 26 наурыздағы № 107 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7622 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2012 жылғы 17 мамырдағы № 244 (27318) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. 2006 жылғы үлгідегі (бұдан әрі - ескі үлгідегі ақша белгісі) және 2012 жылғы үлгідегі (бұдан әрі - жаңа үлгідегі ақша белгісі) номиналы 10 000 теңгелік банкноттардың қатар айналыста болу кезеңі - 2012 жылғы 10 сәуірден бастап 2015 жылғы 31 желтоқсан аралығы болып белгіленсін.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2013 жылғы 30 желтоқсанда №9043 тіркелді

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 26 шілде

№ 204

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тізбенің 3-тармағының алтыншы және жетінші абзацтары 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2013 жылғы 28 тамызда №8667 тіркелді

*Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 358 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3924 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықта:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Нұсқаулық екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі - банктер) сақтауы міндетті пруденциалдық нормативтер бойынша есеп айырысудың нормативтік мәндері мен әдістемесін белгілейді. Нормативтік мәндер үтірден кейін үш таңбалы санмен көрсетіледі.»;

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

«10-1. Бірінші және екінші деңгейдегі капиталдың мақсаттары үшін ағымдағы жылдың немесе өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасының (зиянының) есебіне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 тіркелген) бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарының (бұдан әрі - Үлгі шот жоспары) «Резервтерді (провизияларды) түзету шоты» 3300-шотында көрсетілген, 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мынадай:

2013 жылы - дебет қалдығы сомасының 83,3 пайызы;

2014 жылы - дебет қалдығы сомасының 66,6 пайызы;

2015 жылы - дебет қалдығы сомасының 50 пайызы;

2016 жылы - дебет қалдығы сомасының 33,3 пайызы;

2017 жылы - дебет қалдығы сомасының 16,6 пайызы мөлшеріндегі дебет қалдығы (бұдан әрі - дебет қалдығы) кірмейді.

Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін «Резервтерді (провизияларды) түзету шоты» 3300-шотындағы дебет қалдығы деп 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4580 тіркелген) бекітілген Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу мен оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесіне сәйкес құрылған резервтер (провизиялар) мен Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құрылған резервтер арасындағы, 2012 жылғы 31 желтоқсанда қалыптасқан теріс айырманың сомасы түсініледі.»;

31-2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын шетелдік арнайы қаржы компанияларымен секьюритилендірудің трансшекаралық мәмілелері үшін бағалы қағаздар шығарылымы (не облигациялық бағдарлама) проспектісінің көшірмесі не «Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы» 2006 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын секьюритилендіру мәмілелері үшін облигациялық бағдарламаны (не облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі»;

31-7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31-7. Егер:

1) меншікті капиталдың секьюритилендіруді есептегендегі k2 жеткіліктілік коэффициентінің мәні меншікті капиталдың секьюритилендіруді есептемегендегі k2 жеткіліктілік коэффициентінің мәнінен артық болса;

2) оригинатор тиесілі болып табылатын банк конгломератының мүшелері болып табылмайтын үшінші тараптар секьюритилендірілген активтермен қамтамасыз етілген транштардың кемінде 10 (он) пайызын ұстап қалса, тәуекелді беру маңызды болып табылады.»;

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«44. Өтімді активтер есебіне халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, оффшорлық аймақтар аумағында тіркелген, заңды тұлғалар немесе олардың азаматтары не Экономикалық ынтымақтастық және даму жөніндегі ұйыммен ақпарат алмасу жөнінде міндеттеме қабылдамаған оффшорлық аймақтар тізбесіне енгізілген мемлекеттердің аумағында тіркелген заңды тұлғалар немесе олардың азаматтары болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденті еместеріне немесе аталған оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлғаларға қатысты еншілес болып табылатын ұйымдарға қойылатын талаптарға қалыптасқан резервтер шегеріле отырып, жоғары өтімді активтерді қоса алғанда барлық қаржылық активтер енгізіледі. Қарыздар қарыз шартына сәйкес өтеу кестелері бойынша енгізіледі.

Осы Нұсқаулықтың 43-тармағының 3), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген, жоғары өтімді активтердің есебіне енгізілмейтін бағалы қағаздар осы бағалы қағаздардың міндеттемелердің мөлшерін есептеуге енгізілетін міндеттемелердің қамтамасыз етуі болып табылады деген шартпен өтімді активтер есебіне кіреді.

Осы бағалы қағаздарды өтімді активтердің есебіне енгізген кезде, өтегенге дейін бағалы қағаздар бойынша қалған мерзім ретінде қамтамасыз етуі осы бағалы қағаздар болып табылатын міндеттемелерді өтеуге дейінгі мерзім алынады.»;

45-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«45-1. Өтімділік нормативтері ай сайынғы негізде айқындалатын өтімділік коэффициенттерінің есептік мәндеріне қарамастан, мынадай жағдайларда:

1) банкте есепті кезең ішінде кредиторлар мен салымшылар алдында мерзімі өткен міндеттемелер болған не Қазақстан Республикасының ақша төлемі мен аударымы туралы заңнамасының нормаларын бұзу фактілері болған кезде;

2) банк жеке тұлғалардың жаңадан тартылған (теңгемен және шетел валютасымен) депозиттері бойынша, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның директорлар кеңесі белгілейтін және оларды сақтау үшін банк ұсынатын ең жоғары (ұсынылатын) мөлшерлемесін арттырған кезде;

3) бір мезгілде банк мынадай мәндерге сәйкес келген:

орташа айлық өтімділігі жоғары активтердің банктің жиынтық активтеріне арақатынасы 0,40 төмен болған;

тұрғын үй құрылыс жинақтарына салымдарды (депозиттерді) қоспағанда, жеке тұлғалардың депозиттерінің банктің жиынтық активтеріне қатынасы 0,40 жоғары болған кезде, орындалмаған деп есептеледі.»;

53-6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«53-6. Қазақстан Республикасының Үкіметі құрылтайшысы болып табылатын банктерді қоспағанда, банктер меншікті және тартылған қаражатын ішкі активтерге есепті айдың ішінде ішкі активтердің орташа айлық шамасының реттелген борыштың орташа айлық шамасының, мерзімсіз қаржы құралдарының орташа айлық шамасының, банктің шетел валютасымен шығарған борыштық бағалы қағаздарын қоспағанда, банк шығарған борыштық бағалы қағаздардың орташа айлық шамасының және ішкі міндеттемелердің орташа айлық шамасының сомасына қатынасы 1-ден кем болмайтындай етіп орналастырады.».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдарына, Ипотекалық ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу әдістемесі мен олардың нормативтік мәні және олардың орындалуы туралы есеп беру нысандары мен мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 48 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4158 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің

еншілес ұйымдарына, Ипотекалық ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу әдістемесі мен олардың нормативтік мәні және олардың орындалуы туралы есеп беру нысандары мен мерзімдері туралы нұсқаулықта:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Нұсқаулық ипотекалық ұйымдар, агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары (бұдан әрі - ұйымдар) сақтауға міндетті пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндерін, оларды есептеу әдістемесін, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептіліктің нысандарын және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі - уәкілетті орган) ұсыну мерзімдерін белгілейді. Нормативтік мәндер үтірден кейін үш таңбалы санмен көрсетіледі.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ұйымның меншікті капиталы ұйымның инвестицияларын шегергенде, бірінші деңгейдегі капиталдың және екінші деңгейдегі капиталдың (екінші деңгейдегі капитал бірінші деңгейдегі капиталдан аспайтын мөлшерде енгізіледі) қосындысы ретінде есептеледі.

Ұйымның инвестициялары саудаға арналған және сату үшін қолда бар акцияларды қосқанда, эмитенттің акцияларына салымды және заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесін, сондай-ақ заңды тұлғаның реттелген борышын білдіреді.

Бірінші деңгейдегі капитал мыналарды:

ұйымның негізгі қызметінің мақсаттары үшін сатып алынған және 1999 жылғы 1 шілдеден бастап немесе одан кейін басталатын кезеңдерді қамтитын қаржылық есептілік үшін күшіне енген, Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі комитеттің Басқармасы 1998 жылы шілдеде бекіткен «Материалдық емес активтер» 38 Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (бұдан әрі - 38 Халықаралық қаржылық есептілік стандарты) сәйкес келетін лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді қоспағанда, материалдық емес активтерді;

өткен жылдардың шығындарын;

ағымдағы жылдың шығынын шегергенде, сатып алынған меншікті жай акцияларды шегергенде, жай акциялар бөлігінде төленген жарғылық капиталдың;

сатып алынған меншікті артықшылық берілген акцияларды шегергенде, артықшылық берілген акциялар бөлігінде төленген жарғылық капиталдың;

қосымша капиталдың;

өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісінің;

өткен жылдардың таза кірісі есебінен қалыптастырылған қорлардың, резервтердің қосындысы ретінде есептеледі.

Екінші деңгейдегі капитал:

ағымдағы жылдың бөлінбеген таза пайдасының;

негізгі құрал-жабдықтар мен бағалы қағаздарды қайта бағалау мөлшерінің;

тәуекелді ескеріп мөлшерленген, активтер сомасының 1,25 пайызынан аспайтын сомадағы жалпы резервтер (провизиялар) мөлшерінің;

бірінші деңгейдегі капиталдың есебіне қосылмаған артықшылық берілген акциялардың;

ұйымның меншікті сатып алынған акцияларды, қосымша капиталды, өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісін, ұйымның меншікті сатып алынған реттелген борышын шегергенде өткен жылдардың таза кірісі есебінен қалыптастырылған қорларды, резервтерді шегергенде төленген меншікті капитал сомасының елу пайызынан аспайтын сомадағы реттелген борышының қосындысы ретінде есептеледі.

Бірінші деңгейдегі капиталға қосылатын артықшылық берілген акциялардың үлесі бірінші деңгейдегі капиталдың он бес пайызынан аспайды. Бірінші деңгейдегі капиталдың есебіне қосылмаған артықшылық берілген акциялардың сомасы екінші деңгейдегі капиталдың есебіне қосылуы мүмкін.»;

6-7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6-7. Егер:

1) меншікті капиталдың секьюритилендіруді есептегендегі k1-3 жеткіліктілік коэффициентінің мәні меншікті капиталдың секьюритилендіруді есептегендегі k1-3 жеткіліктілік коэффициентінің мәнінен артық болса;

2) оригинатор тиесілі болып табылатын банк конгломератының мүшелері болып табылмайтын үшінші тараптар секьюритилендірілген активтермен қамтамасыз етілген транштардың кемінде 10 (он) пайызын

ұстап қалса, тәуекелді беру маңызды болып табылады.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің мөлшері (М) мыналардың:

1) ұйымның қарыз алушыға қарыздар, салымдар, дебиторлық берешек, бағалы қағаздар түріндегі талаптарының;

2) ұйымның қарыз алушыға ұйымның балансынан есептен шығарылған талаптарының;

3) қарыз алушыларға қатысты ұйымда секьюритилендірудің шектеулі тәсілін қолдануға уәкілетті органның жазбаша растамасы жоқ секьюритирлендірілген активтер түріндегі талаптарының;

4) секьюритилендіру позициялары түріндегі талаптардың;

5) ұйымның қарыз алушыға осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес есептелген шартты және ықтимал міндеттемелер түріндегі талаптарының;

6) ұйым үшінші тұлғалардың пайдасына немесе қарыз алушының алдында өзіне міндеттеме қабылдаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе жасалған шарттарында көзделген өзге де негіздемелер бойынша талаптарының;

7) халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтердің сомасын, сондай-ақ қарыз алушының міндеттемелері бойынша:

бұл міндеттеменің қамтамасыз етуі ретінде ұйымның пайдалануына берілген салымдар;

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

тазартылған бағалы металдар;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктері;

Standard & Poor's агенттігінің «А»-дан төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингісі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар банктердің кепілдіктері түріндегі қамтамасыз ету сомасын шегергендегі қосындысы ретінде есептеледі.

Бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің есебіне:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қойылатын талаптар және Standard & Poor's агенттігінің «BBB» төмен емес ұзақ мерзімді рейтингісі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингісі бар банктерге ашық корреспонденттік шоттар бойынша қойылатын талаптар қосылмайды.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Егер ұйымның қарыз алушылары ұйымның алдында міндеттемелер туындаған сәтте бір қарыз алушы ретінде қарастырылмаса, бірақ кейіннен ондай болып табылса, онда осы Нұсқаулықтың 10-тармағының екінші бөлігінде белгіленген осындай қарыз алушыларға келетін тәуекел мөлшері асып кетсе, егер ұйым қарыз алушының осы Нұсқаулықтың 9-тармағының 7) тармақшасына сәйкес қосымша қамтамасыз етуді ұсыну немесе ұйым талаптарының бір бөлігін норматив мөлшерін сақтау үшін қажетті мөлшерге дейін орындау қабілетін растай отырып және уәкілетті орган белгілеген мерзімде осы жөнсіздікті жою жөнінде міндеттемелер қабылдай отырып, осындай асып кету туралы уәкілетті органға дереу хабарлаған жағдайда, мұндай асып кету жөнсіздік болып қарастырылмайды.».

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктердің пруденциалдық нормативтерді орындауы жөніндегі есеп беру ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 17 маусымдағы № 136 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4301 тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің пруденциалдық нормативтерді орындауы жөніндегі есеп беру ережесінде:

23-қосымшаның «Пруденциалдық нормативтерді есептеуге арналған қосымша мәліметтер» деген кестесінде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 8920-жолмен толықтырылсын:

«	8920	Бірінші және екінші деңгейдегі капиталдың мақсаттары үшін ағымдағы жылдың бөлінбеген таза пайдасы (шығыны)	Ай сайын	»;
---	------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------	----

3-тармақтың алтыншы және жетінші абзацтары 2014 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 8921-жолмен толықтырылсын:

«	8921	Бірінші деңгейдегі капиталдың мақсаттары үшін өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы (шығыны)	Ай сайын	»;
---	------	------------------------------------------------------------------------------------------------	----------	----

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 8922-жолмен толықтырылсын:

«	8922	Өткен жылдардың таза кірісі есебінен қалыптастырылған қорлар, резервтер	Ай сайын	».
---	------	-------------------------------------------------------------------------	----------	----

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Ислам банктеріне арналған пруденциалдық нормативтер, олардың нормативтік мәндері және есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2009 жылғы 27 наурыздағы № 66 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5670 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ислам банктеріне арналған пруденциалдық нормативтер, олардың нормативтік мәндері және есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықта:

6, 7, 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі мынадай үш коэффициентпен сипатталады:

бірінші деңгейдегі капиталдың жалпы сомасындағы және екінші деңгейдегі капитал бөлігінің меншікті капитал есебіне енгізілетін бірінші деңгейдегі капиталдың үлесі шегінде алынған банк инвестицияларын шегергендегі бірінші деңгейдегі капиталдың бірінші деңгейдегі капиталдың жалпы сомасындағы және екінші деңгейдегі капитал бөлігінің меншікті капитал есебіне енгізілетін бірінші деңгейдегі капиталдың үлесі шегінде алынған банк инвестицияларының сомасына азайтылған банк активтерінің мөлшеріне қатынасымен (k1-1);

бірінші деңгейдегі капиталдың жалпы сомасындағы және екінші деңгейдегі капитал бөлігінің меншікті капитал есебіне енгізілетін бірінші деңгейдегі капиталдың үлесі шегінде алынған банк инвестицияларын шегергендегі бірінші деңгейдегі капиталдың,

инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатын активтерге кемітілген,

мыналардың:

екінші деңгейдегі капиталдың есебіне енгізілмеген жалпы резервтердің сомасына кемітілген, кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің;

нарықтық тәуекел ескеріле отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің;

операциялық тәуекелдің қосындысына қатынасымен (k1-2);

меншікті капиталдың,

инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатын активтерге кемітілген,

мыналардың:

екінші деңгейдегі капиталдың есебіне енгізілмеген жалпы резервтердің сомасына кемітілген, кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің;

нарықтық тәуекел ескеріле отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің;

операциялық тәуекелдің қосындысына қатынасымен (k2).

7. Банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициентінің мәні:

k1-1 0,06-дан кем болмайды;

k1-2 0,06-дан кем болмайды.

Қатысушысы банк холдингі немесе тізбесі және талап етілетін ең төменгі рейтингісі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 тіркелген) (бұдан әрі - № 385 қаулы) белгіленген рейтингтік агенттіктердің бірінің белгілі

рейтингісіне ие бас банк болып табылатын банк үшін, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-2-бабымен көзделген тәртіппен акцияларын Қазақстан Республикасының Үкіметі не ұлттық басқарушы холдинг сатып алған банк үшін, сондай-ақ орналастырылған акцияларының елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі банк үшін банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициентінің мәні:

k1-1 0,05-тен кем болмайды;

k1-2 0,05-тен кем болмайды.

8. Банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициентінің мәні k2 кемінде 0,12-ні құрайды.

Қатысушысы банк холдингі не бас банк болып табылатын, тізбесі және ең төменгі талап етілетін рейтингі № 385 қаулымен белгіленген рейтингілік агенттіктердің бірінің белгілі бір рейтингіне ие банк үшін, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-2-бабында көзделген тәртіппен акцияларын Қазақстан Республикасының Үкіметі не ұлттық басқарушы холдинг сатып алған банк үшін, сондай-ақ орналастырылған акцияларының елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі банк үшін банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициентінің мәні k2 кемінде 0,10-ды құрайды.

Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер осы Нұсқаулықтың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес есептеледі.

Активтерді, шартты және ықтимал міндеттемелерді тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерлеу мақсатында активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер халықаралық қаржылық есептелік стандарттарына сәйкес олар бойынша құрылған резервтер сомасына азайтылады.

Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін шартты және ықтимал міндеттемелер осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес есептелген шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының банк кредиттік тәуекелдер көтеретін тәуекелдің осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында көрсетілген қарсы агенттің санатына сәйкес келетін дәрежесіне көбейтіндісі ретінде айқындалады.

Активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер нарықтық тәуекел ескеріле отырып, осы Нұсқаулықтың 9-19 аралығындағы тармақтарына сәйкес есептеледі.

Операциялық тәуекел осы Нұсқаулықтың 26-тармағына сәйкес есептеледі.».

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 26 қыркүйектегі № 215 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5810 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдар үшін осы Ережеде көрсетілмеген өзге пруденциалдық нормативтерді есептеу және олар бойынша есептілікті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне (бұдан әрі - уәкілетті орган) ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының оларды есептеу және есептілікті ұсыну тәртібін айқындайтын «Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 358 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3924 тіркелген), «Номиналды ұстаушы ретінде клиенттің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызмет пен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциалдық нормативтерді орындауы жөніндегі есеп беру ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 17 маусымдағы № 142 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4300 тіркелген), «Номиналды ұстаушы ретінде клиенттің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметті және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 56 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5233 тіркелген) сәйкес белгіленеді.»;

мынадай мазмұндағы 35-1-тармақпен толықтырылсын:

«35-1. Осы Ереженің 35-тармағында көрсетілген бағалы қағаздар өтімді активтердің есебіне:

Басқарушының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздарды кері сатып алу немесе кепілге беру, немесе өзге түрде ауыртпалық түсіру талаптарымен оларды сатқан;

қор биржасының тізіміне (қор биржасының өкілдік тізіміне) кіретін, өлшемдері қор биржасы акциялар нарығының индекcін есептеу мақсатында пайдаланылатын акцияларды қоспағанда, Басқарушыға қатысты үлестес тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалар шығарған бағалы қағаздарды Басқарушы сатып алған жағдайларда қосылмайды.»;

9-қосымшаның «Қор үшін «Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті» (К1) пруденциалдық нормативін есептеу» кестесіндегі реттік нөмірі 15-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«	15	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, осы Ереженің 11-тармағының 12) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		80		»;
---	----	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	----	--	----

9-қосымшаның «Қор үшін «Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті» (К1) пруденциалдық нормативін есептеу» кестесіндегі реттік нөмірі 17-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«	17	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, осы Ереженің 11-тармағының 13) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		70		»;
---	----	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	----	--	----

13-қосымшаның «Басқарушыға арналған «Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті» (К1) пруденциалдық нормативін есептеу» кестесіндегі реттік нөмірі 19.1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«	19.1	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, осы Ереженің 35-тармағы 12) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде), Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары		80		»;
---	------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	----	--	----

14-қосымшаның «Басқарушыға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу үшін қосымша мәліметтер» кестесіндегі реттік нөмірі 8019-1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«	8019-1	Ықтимал шығындарға резервтерді шегергенде, осы Ереженің 35-тармағы 12) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде), Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары				».
---	--------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--	--	----

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Ертерек ден қою шараларын және екінші деңгейдегі банктің қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторларды айқындау әдістемесін қолдану қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 25 ақпандағы № 73 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8416 тіркелген, «Заң» газетінде 2013 жылғы 26 маусымда № 93 (2468) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған қатынастарға қолданылады.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Ертерек ден қою шараларын және екінші деңгейдегі банктің қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторларды айқындау әдістемесін қолдану қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Банктің қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторлар мыналар болып табылады:

1) меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің төмендеуі;
2) таза жіктелген қарыздардың меншікті капиталға арақатынасының өсуі;
3) жеке тұлғаларға қарыздардың негізгі борышының жиынтық көлеміндегі жеке тұлғаларға жіктелген қарыздардың өтелмеген негізгі борышы үлесінің өсуі;

4) заңды тұлғаларға қарыздардың негізгі борышының жиынтық көлеміндегі заңды тұлғаларға жіктелген қарыздардың өтелмеген негізгі борышы үлесінің өсуі;

5) жеке және заңды тұлғалар - клиенттерге қарыздардың негізгі борышының жиынтық көлеміндегі (банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздарды және «кері РЕПО» операцияларын қоспағанда) кредиттеудің негізгі бағыты (бағыттары) (саласы (салалары)) бойынша жіктелген қарыздардың өтелмеген негізгі борышы үлесінің өсуі;

6) жеке және заңды тұлғалар - клиенттерге қарыздардың негізгі борышының жиынтық көлеміндегі (банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қарыздарды және «кері РЕПО» операцияларын қоспағанда) коммерциялық және тұрғын жылжымайтын мүлікті сатып алу және құрылысына берілген қарыздардың және ипотекалық тұрғын үй қарыздарының өтелмеген негізгі борышы үлесінің өсуі;

7) жеке тұлғалар үшін кредиттер бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік алпыс күннен астам және (немесе) заңды тұлғалар үшін күнтізбелік отыз күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың өсуі;

8) банктің несие портфелінің жалпы көлеміндегі негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың өсуі;

9) олар бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік тоқсан күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде банктің несие портфелінің жалпы көлеміне қатынасының асып кетуі;

10) ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде жиынтық дебиторлық берешектегі ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде жіктелген дебиторлық берешек үлесінің өсуі;

11) жиынтық активтердегі кіріс келтіретін активтер үлесінің азаюы;

12) банк міндеттемелері сомасындағы жеке және заңды тұлғалардан тартылған салымдар үлесінің төмендеуі;

13) активтер рентабельділігі коэффициентінің азаюы;

14) таза пайыздық маржаның азаюы;

15) спрэдтың төмендеуі;

16) операциялық шығыстардың кірістердің жиынтық сомасына қатынасының өсуі;

17) өтімділік коэффициенттерінің төмендеуі.

Резервтер ретінде халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес қалыптастырылған резервтер түсініледі.

Жіктелген қарыздар ретінде бухгалтерлік есептің деректеріне сәйкес 10 (он) пайызынан кем емес деңгейде резервтер қалыптастырылған қарыздар түсініледі.

Қарыздар (жіктелген, жиынтық) есебіне негізгі борыштың сомасы, таза жіктелген қарыздар есебіне қарыздардың (дисконттарды (сыйлықақыларды) есепке алғандағы негізгі борыш), оң (теріс) түзетулердің, есептелген сыйақының және олар бойынша құрылған резервтердің баланстық құны қосылады.»;

2-тармақта:

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) қатарынан алты ай ішінде жіктелген дебиторлық берешектің ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермей жиынтық дебиторлық берешекте ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегендегі үлесінің өсуі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{\text{ЖДБ}_{(6)}}{\text{ДБ}_{(6)}} > \frac{\text{ЖДБ}_{(5)}}{\text{ДБ}_{(5)}} > \frac{\text{ЖДБ}_{(4)}}{\text{ДБ}_{(4)}} > \frac{\text{ЖДБ}_{(3)}}{\text{ДБ}_{(3)}} > \frac{\text{ЖДБ}_{(2)}}{\text{ДБ}_{(2)}} > \frac{\text{ЖДБ}_{(1)}}{\text{ДБ}_{(1)}} > \frac{\text{ЖДБ}_{(0)}}{\text{ДБ}_{(0)}},$$

мұнда:

$\text{ЖДБ}_{(ай)}$ - қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңына қарай жіктелген дебиторлық берешек ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде;

$\text{ДБ}_{(ай)}$ - қаралатын кезеңнің белгілі бір айының соңына қарай жиынтық дебиторлық берешек ол бойынша қалыптастырылған резервтерді ескермегенде.

Қаралатын кезеңде жүйелі өсу болмаған кезде осы көрсеткіштің есепті кезеңде бес және одан астам пайыздық тармаққа өсуі де банктің қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін фактор болып табылады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{\text{ЖДБ}_{(6)}}{\text{ДБ}_{(6)}} - \frac{\text{ЖДБ}_{(0)}}{\text{ДБ}_{(0)}} \geq 5 \text{ пайыздық тармақ};$$

Жіктелген дебиторлық берешек ретінде бухгалтерлік есептің деректеріне сәйкес 10 (он) пайыздан кем емес деңгейде резервтер қалыптастырылған дебиторлық берешек түсініледі.

Жіктелген дебиторлық берешектің есебіне негізгі борыштың сомасы кіреді;»;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«18) соңғы алты ай ішінде операциялық шығыстардың сыйақы алумен байланысты кірістердің және сыйақы алумен байланысты емес кірістердің қосындысына қатынасының бес және одан астам пайыздық тармаққа өсуі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\frac{\text{ОПШ}_{(6)}}{\text{Кс}\%_{(6)} + \text{Ксбе}\%_{(6)}} - \frac{\text{ОПШ}_{(1)}}{\text{Кс}\%_{(1)} + \text{Ксбе}\%_{(1)}} \geq 5 \text{ пайыздық тармақ},$$

мұнда:

$\text{ОПШ}_{(ай)}$ - тиісті қаржы жылының басынан бастап қаралатын айдың соңына дейінгі кезеңдегі операциялық шығыстар;

$\text{Кс}\%_{(ай)}$ - тиісті қаржы жылының басынан бастап қарастырылатын айдың соңына дейінгі кезеңдегі сыйақыны алумен байланысты кірістер;

$\text{Ксбе}\%_{(ай)}$ - тиісті қаржы жылының басынан бастап қарастырылатын айдың соңына дейінгі кезеңдегі сыйақыны алумен байланысты емес кірістер;

Операциялық шығыстарға (ОПШ) мыналар кіреді:

еңбекке ақы төлеу және міндетті аударымдар бойынша шығыстар;

жалпы шаруашылық шығыстар («Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамына міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды аудару шығыстарын қоспағанда);

табыс салығынан басқа, салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер;

амортизациялық аударымдар;

негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді өтеусіз беруден және тауарлық-материалдық қорларды сатудан, басқа да инвестициялардан болған шығыстар;

тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);

жалдау шығыстары.

Сыйақыны алумен байланысты емес кірістерге осы тармақтың 16) тармақшасында көрсетілген

сыйақыны алумен байланысты кірістерді, сондай-ақ резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден түскен кірістерді қоспағандағы кірістер кіреді;»;

төртінші бөлік алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Комитет банктің қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторларды анықтау үшін ай сайын реттеушілік есептілік деректерінің негізінде банктің қаржылық жағдайына талдау жасайды.

Комитет Қағидалардың 2-тармағының 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларында белгіленген көрсеткіштерді есептеу кезінде факторларды есептеу үшін пайдаланылатын ақпараттың жинақталуына қарай 2013 жылғы 1 шілдеден бастап есептелген факторлар негізінде банктің қаржылық жағдайына талдау жасайды.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Жүйе құраушы болып айқындалған банк, сондай-ақ Банктер туралы заңға сәйкес қайта құрылымдауды жүзеге асыратын (жүзеге асырған) банк жыл сайын есепті жылдың 1 наурызына дейінгі мерзімде Комитетке Қағидалардың 1-тармағының 1), 8), 13), 15), 16) және 17) тармақшаларында көрсетілген көрсеткіштердің өзгеру болжамын ұсынады. Көрсеткіштердің өзгеру болжамы қаржы жылы аяқталғанға дейін жасалады.

Көрсеткіштердің өзгеру болжамы негіздемені бере отырып, жылына бір реттен артық емес қайта қаралады.

Комитет көрсеткіштердің болжамды мәндерінің ағымдағы мәндерге сәйкестігін тексереді. Көрсеткіштердің өзгеру болжамында банктің қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторлар анықталған жағдайда, Комитет Қағидалардың 4-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады.

Қағидалардың 1-тармағының 1), 8) және 13) тармақшаларында көрсетілген көрсеткіштердің өзгеру болжамы стресстік сценарийдің әсер ету нәтижесін бағалаумен толықтырылады.

Уәкілетті орган стресстік сценарий өлшемдері бойынша сценарий мен ұсынымдарды жүйе құраушы болып айқындалған банкке болжамды көрсеткіштерді Комитетке ұсыну мерзіміне дейін бір ай бұрын береді.».

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банк қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 25 ақпандағы № 74 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8436 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2013 жылғы 12 маусымда № 85 (2286) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Тізбенің 1-тармағының бір жүз отыз бесінші, бір жүз отыз алтыншы абзацтары, 4-тармағының қырық алтыншы, қырық жетінші абзацтары 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.».

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қаласы

2013 жылғы 27 тамыз

№ 230

Инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы

«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесі;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша меншікті активтер есебінен жасалған «кері РЕПО» және «РЕПО» операциялары туралы есеп;

4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша екінші деңгейдегі банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ағымдағы шоттарда меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар мен ақша туралы есеп;

5) осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп;

6) осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша инвестициялық қорлар жөніндегі мәліметтер;

7) осы қаулының 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтері есебінен сатып алынған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есеп;

8) осы қаулының 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша инвестициялық қордың өзге мүлкінің құрылымы туралы есеп;

9) осы қаулының 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялық қордың инвестициялары туралы есеп;

10) осы қаулының 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтерінің құны туралы есеп;

11) осы қаулының 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп;

12) осы қаулының 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың «Инвестициялау лимиттері» пруденциалдық нормативін сақтауы туралы есеп;

13) осы қаулының 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша зейнетақы жинақтарының көлемі және ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының/алушыларының саны туралы есеп;

14) осы қаулының 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша зейнетақы төлемдері туралы есеп;

15) осы қаулының 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;

16) осы қаулының 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;

17) осы қаулының 17-қосымшасына сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтерін және меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;

18) осы қаулының 18-қосымшасына сәйкес нысан бойынша клиенттердің активтерін және меншікті активтерді инвестициялау бойынша үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есеп;

19) осы қаулының 19-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында жасалған (тіркелген) қаржы құралдарымен мәмілелер (операциялар) туралы есеп;

20) осы қаулының 20-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бағалы

қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие ұйым туралы мәліметтер;

21) осы қаулының 21-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарығында жасалған қаржы құралдарымен мәмілелер туралы есеп;

22) осы қаулының 22-қосымшасына сәйкес нысан бойынша туынды қаржы құралдарымен мәмілелер туралы есеп;

23) осы қаулының 23-қосымшасына сәйкес нысан бойынша үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есеп;

24) осы қаулының 24-қосымшасына сәйкес нысан бойынша брокердің шоттарындағы ақша қалдығы туралы есеп;

25) осы қаулының 25-қосымшасына сәйкес нысан бойынша брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі туралы есеп;

26) осы қаулының 26-қосымшасына сәйкес нысан бойынша номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп;

27) осы қаулының 27-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп;

28) осы қаулының 28-қосымшасына сәйкес Инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі - Ұйым) осы қаулының 2, 3, 4, 5-қосымшаларына сәйкес есептілікті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - уәкілетті орган) электрондық форматта, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі - инвестициялық портфельді басқарушы) осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген есептілікке қосымша осы қаулының 6, 7, 8, 9, 15, 16, 17, 18-қосымшаларына сәйкес есептілікті уәкілетті органға электрондық форматта, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқарушылар (бұдан әрі - ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры) осы қаулының 10, 11, 12, 13, 14-қосымшаларына сәйкес есептілікті уәкілетті органға электрондық форматта, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей қосымша ұсынады.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен жасалған активтерді инвестициялық басқару шартына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқарған жағдайда, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры 10, 11, 12, 13, 14-қосымшаларға сәйкес есептілікті бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері және басқарудағы зейнетақы активтері бойынша жеке-жеке ұсынады.

Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі - брокерлер және (немесе) дилерлер) осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген есептілікке қосымша осы қаулының 19, 21 және 24-қосымшаларына сәйкес есептілікті уәкілетті органға электрондық форматта, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар осы қаулының 20, 22, 23, 25-қосымшаларына сәйкес есептілікті уәкілетті органға электрондық форматта, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей қосымша ұсынады.

Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры уәкілетті органға осы қаулының 22, 23, 24, 25-қосымшаларына сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензияларына ие екінші деңгейдегі банктер уәкілетті органға осы қаулының 2, 3, 4, 5, 23-қосымшаларына сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензияларына ие қаржылық агенттіктер, Ұлттық почта операторы уәкілетті органға осы қаулының 2, 3, 4, 5-қосымшаларына сәйкес есептілікті ұсынбайды.

Номиналды ұстаушы ретінде шоттарды жүргізу құқығымен лицензиясы бар брокерлер және (немесе) дилерлер осы қаулының 26 және 27-қосымшаларына сәйкес жасалған есептерді уәкілетті

органға электрондық форматта, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінен кешіктірмей қосымша ұсынады.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

** Қазақстан Республикасы Статистика агенттігімен 2013 жылғы 25 қыркүйекте келісілді*

** Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2013 жылғы 29 қазанда № 8857 тіркелді*

*Инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе)
дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің
тізбесі*

Инвестициялық портфельді басқаруды, брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың есептілігінде мыналар қамтылады:

- 1) меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп;
- 2) меншікті активтер есебінен жасалған «кері РЕПО» және «РЕПО» операциялары туралы есеп;
- 3) екінші деңгейдегі банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ағымдағы шоттарда меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар мен ақша туралы есеп;
- 4) басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп;
- 5) инвестициялық қорлар жөніндегі мәліметтер;
- 6) клиенттердің активтері есебінен сатып алынған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есеп;
- 7) инвестициялық қордың өзге мүлкінің құрылымы туралы есеп;
- 8) акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялық қордың инвестициялары туралы есеп;
- 9) зейнетақы активтерінің құны туралы есеп;
- 10) зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп;
- 11) инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың «Инвестициялау лимиттері» пруденциалдық нормативін сақтауы туралы есеп;
- 12) зейнетақы жинақтарының көлемі және ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының/ алушыларының саны туралы есеп;
- 13) зейнетақы төлемдері туралы есеп;
- 14) клиенттердің активтерін инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;
- 15) меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;
- 16) клиенттердің активтерін және меншікті активтерді туынды қаржы құралдарына инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;
- 17) клиенттердің активтерін және меншікті активтерді инвестициялау бойынша үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есеп;
- 18) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында жасалған (тіркелген) қаржы құралдарымен мәмілелер (операциялар) туралы есеп;
- 19) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие ұйым туралы мәліметтер;
- 20) бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында жасалған қаржы құралдарымен мәмілелер туралы есеп;
- 21) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер туралы есеп;
- 22) үлестес тұлғалармен жасалған мәмілелер туралы есеп;
- 23) брокердің шоттарындағы ақша қалдығы туралы есеп;
- 24) брокердің және (немесе) дилердің қызмет көрсетуі туралы есеп;
- 25) номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп;
- 26) шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған, номиналды ұстаудағы бағалы қағаздар туралы есеп.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 230 қаулысына
2-қосымша

*Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан
Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы
есеп*

Есепті кезең: 20 __ жылғы «__» _____

Индекс: 1- RCB_CBSA

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: инвестициялық портфельді басқарушылар; брокерлер және (немесе) дилерлер

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі - есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кеш емес

(Ұйымның атауы)

(мың теңгемен)

р/с №	Эмитенттің атауы	Эмитенттің елі	Бағалы қағаз түрі	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі, халықаралық сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздардың саны (данамен)			Номиналды құны	
					барлығы	оның ішінде ауыртпалық салынған бағалы қағаздар		валюта	бір бағалы қағаздың құны
						ауыртпалық салынған бағалы қағаздар, барлығы	оның ішінде РЕПО-ға берілген бағалы қағаздар		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары								
1.1.									
...									
2	Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары								
2.1.	Екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздары								
2.1.1									
...									
2.2.	Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардың бағалы қағаздары								
2.2.1									
...									

3.	Шет мемлекеттердің бағалы қағаздары								
3.1.									
...									
4.	Қазақстан Республикасының резиденттері емес эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздары								
4.1.									
...									
5.	Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары								
5.1.									
...									
6	Инвестициялық қорлардың пайлары								
6.1.									
...									
7	Барлығы								

кестенің жалғасы:

Кезең өтелген қойылған күн		Баланстық күні															
		Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар			Өзгерістері пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ күні бойынша бағаланатын бағалы қағаздар			Өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар									
		барлығы		оның ішінде ауыртпалық салынған бағалы қағаздар		барлығы		оның ішінде ауыртпалық салынған бағалы қағаздар		Анықтама үшін: қалыптас-тырылған резервтер (провизиялар)		барлығы		оның ішінде ауыртпалық салынған бағалы қағаздар		Анықтама үшін: қалыпта-стырылған резервтер (провизиялар)	
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26		

кестенің жалғасы:

Рейтингі		Қор биржасы тізімінің санаты	
сатып алу күнінде	есепті күні	сатып алу күнінде	есепті күні
27	28	29	30

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)

_____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Бас бухгалтер _____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)

Орындаушы: _____ (лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты), _____ (қолы)

_____ (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20 ____ жылғы « ____ » _____.

мөр орны

*Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме
Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп*

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) «Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп» нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы, брокер және (немесе) дилер ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам), бас бухгалтер мен орындаушы қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 4-бағанда типі көрсетіле отырып, сатып алынған бағалы қағаз түрі көрсетіледі.

6. 6-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.

7. 9-бағанда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» 07 ИСО 4217-2001 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі.

8. 10-баған борыштық бағалы қағаздар бойынша толтырылады.

9. 11-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күні көрсетіледі.

10. 12-бағанда борыштық бағалы қағаздарды өтеу мерзімі көрсетіледі.

11. 27 және 28-бағандарды толтыру кезінде Standard and Poor's Financial Services LLC, Moody's Investors Services, FitchRatings рейтингілік агенттіктерінің немесе олардың еншілес рейтингілік ұйымдарының бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша ел рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 27 және 28-бағандарда «рейтингісі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

12. 29 және 30-бағандарда Қазақстан Республикасының қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасының резиденттері бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасының қор биржасы ресми тізімінің санаты болмаған кезде 29 және 30-бағандарда «листингі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының резиденттері еместердің бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

13. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2013 жылғы 27 тамыздағы
№ 230 қаулысына
3-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

*Меншікті активтер есебінен жасалған «кері РЕПО» және
«РЕПО» операциялары туралы есеп*

Есепті кезең: 20 __ жылғы «__» _____

Индекс: 2- RCB_REPO_SA

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: инвестициялық портфельді басқарушылар; брокерлер және (немесе) дилерлер

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі - есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кеш емес

(Ұйымның атауы)

(мың теңгемен)

p/c №	Эмитенттің атауы	Эмитенттің елі	Бағалы қағаз түрі	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі, халықаралық сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздардың саны	Номиналды құн валютасы	Кезең	
							Операция ашылған күн	Операция жабылған күн
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	«Кері РЕПО» операциялары							
1.1.	Тура тәсіл							
1.1.1.								
1.2.	Автомат-ты тәсіл							
1.2.1.								
2	«РЕПО» операциялары							
2.1.	Тура тәсіл							
2.1.1.								
2.2.	Автомат-ты тәсіл							
2.2.1.								

кестенің жалғасы:

Операция мерзімі күнмен	Сыйақы мөлшерлемесі	Баланстық құны	Анықтама үшін: қалыптастырылған резервтер (провизиялар)	Рейтингі		Қор биржасы тізімінің санаты	
				мәміле жасалған күндегі	есепті күнгі	мәміле жасалған күндегі	есепті күнгі
10	11	12	13	14	15	16	17

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)

_____ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты)

_____ (қолы)

Бас бухгалтер _____
(тегі, аты, бар болса - әкесінің аты)

_____ (қолы)

Орындаушы: _____
(лауазымы, тегі, аты, бар болса - әкесінің аты),

_____ (қолы)

_____ (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күні 20 ____ жылғы « ____ » _____.

мөр орны

*Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша
түсіндірме*

*Меншікті активтер есебінен жасалған «кері РЕПО» және
«РЕПО» операциялары туралы есеп*

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) «Меншікті активтер есебінен жасалған «кері РЕПО» және «РЕПО» операциялары туралы есеп» нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды инвестициялық портфельді басқарушы, брокер және (немесе) дилер ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам), бас бухгалтер мен орындаушы қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 4-бағанда типі көрсетіле отырып, «кері РЕПО» және «РЕПО» операциялары бойынша берілген және (немесе) сатып алынған бағалы қағаз түрі көрсетіледі.

6. 6-бағанда «кері РЕПО» және «РЕПО» операциялары бойынша берілген және (немесе) сатып алынған бағалы қағаздардың саны көрсетіледі.

7. 7-бағанда валюта кодтары «Валюталар мен қорларды көрсетуге арналған кодтар» 07 ИСО 4217-2001 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес көрсетіледі.

8. 14 және 15-бағандарды толтыру кезінде Standard and Poor's Financial Services LLC, Moody's Investors Services, FitchRatings рейтингілік агенттіктерінің немесе олардың еншілес рейтингілік ұйымдарының бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша ел рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 14 және 15-бағандарда «рейтингісі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

9. 16 және 17-бағандарда Қазақстан Республикасының қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасының резиденттері бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасының қор биржасы ресми тізімінің санаты болмаған кезде 16 және 17-бағандарда «листингі жоқ» деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының резиденттері еместердің бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік қалдықтармен ұсынылады.

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан

*Екінші деңгейдегі банктердегі және банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ағымдағы
шоттарда меншікті активтер есебінен орналастырылған
салымдар мен ақша туралы есеп*

Есепті кезең: 20 __ жылғы « __ » _____

Индекс: 3- RCB_Vklady_SA

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: инвестициялық портфельді басқарушылар; брокерлер және (немесе) дилерлер

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі - есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кеш емес

(Ұйымның атауы)

(мың теңгемен)

